

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Кенжебай Баян

bellissimo.94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультетінің специальности 5В020900 – «Шығыстану» мамандығының IV курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б.Ж. Абжаппарова

Ғасырлар бойы өздерін қоршаған табиғат пен сыртқы күштердің қыспағына қарсыласа жүріп, кенеттен барша дүниені таңғалдыра, адамзаттық дамудың алғы қатарына шыққан жапон халқының жаратылысына «тылсым күш» қайдан дарыды? Жапондықтар кереметке бергісіз қуатты қайдан алды? Бұл сауалдарға жауап табу үшін жапон жұртының тарихына, әсіресе рухани-мәдени тарихына назар аудару орынды болмақ.

Мәселен, Жапониядағы діндер жайын қарастырған ғылыми еңбектердің бәрінде жапон қоғамына қытай, үнді, корей жерлерінен келген буддизм, конфуцийшілдік, даосизм сияқты діндердің қай-қайсын да жапон жұрты өз ерекшеліктеріне бейімдей қабылдағаны айтылады. Демек, құрлыққа тән діндер келгенге дейін де жапондардың жаратылыс дүниесіне қатысты өзіндік көзқарастары, танымы, наным-сенімдері болған. Сол себепті олар сырттан келген діндердің ұғым-қағидаттарына өз топырағында бұрыннан қалыптасқан наным-сенімдер тұрғысынан қарап, өздеріне етене қасиеттерге зияны тимейтіндей етіп қабылдаған.

Олай болса, бүгінгі жапондардың рухани әлемін тереңдей тану үшін олардың ұлттық-халықтық бағалы қасиеттерінен қол үзіп қалмауына себепші болған ежелгі наным-сенімдерге тән ерекшеліктерді назардан тыс қалдырмау керек. Бұл ретте жапондардың ең алғашқы діни рәсімдері мен ғұрыптарының пайда болу уақытын дәл анықтау мүмкін еместігін де ескеру абзал. Әйткенмен кейінгі жылдардағы археологиялық жаңалықтарға сүйене отырып, жапондардың ежелгі наным-сенімдері жайында ой түюге болады.

Жапония мәдениеті жайында әңгімеленетін ежелгі жазба деректер мен археологиялық зерттеулер ежелгі дәуірлердегі жапондардың діни өмірінде негізгі үш сипат басым екенін көрсетеді. Олар: 1) әлеуметтік тұтастықтың аса маңызды көрінісі ретінде отбасы төңірегіне шоғырланған қоғамдық қарым-қатынастар; 2) ауыл шаруашылық өнімдері өсірілетін шағын-шағын жерлер аумағында пайда болған экономикалық қарым-қатынастар; 3) отбасылық қауымдар мен олардың табиғат дүниесінен қасиет тұтқан рухтары арасында орныққан діни қарым-қатынастар.

Дәл осы наным-сенімдер мен соларға байланысты ғұрып-рәсімдердің негізінде біртіндеп жапондардың ежелгі діні – синто дінінің дәстүрлері қалыптасып, дамыған деп болжауға болады. Мұндай болжам жасауға жапондықтар түсінігіне тән «ками» ұғымы мүмкіндік береді. Жапондар сенімінде «ками» ата-бабалардың, қаһармандардың, рухтардың құдыреттілігін білдіретіні мәлім. Сондай-ақ, ең ежелгі отбасылық қауымдардың өз мекендеріне тән жергілікті камилерге сыйынып, солардан жәрдем тілегенін дәлелдейтін мысалдар бар. Ондай мысалдарды арнайы діни орындар пайда болмай тұрған дәуірлерде жапон жұртының тұрмыс-тіршілігіне тән болған халықтық наным-сенімдерден жиі ұшырастырамыз.

Сыйыну рәсімдері орныққан діни түсініктерге қарағанда, халықтық наным-сенімдердің ерекшеліктері болғанымен, бұлардың арасында байланыс бар екендігі байқалады. Мәселен, жапондардың түлкіні құдыретті жаратылыс санайтын нанымы бағзы замандардан бастап-ақ қалыптасқан. Олар түлкі кейпіндегі құдырет иесінде адамның тәні мен ақыл-ойы болатындығына сенген. Соның бір дәлелі ретінде Жапонияда арнайы ғибадатханалар салынып, ол жерге түлкі құдыретіне сыйыну үшін жұрттың келуін айтуға болады. Олар сыйыну кезінде түлкінің рухы өз бойларына құдыретті күш-қуат дарытады деп түсінген. Сол сияқты, жапондар қасқырға да сыйынып, оны Оками тауының рухына балаған. Окамидің

құдыретіне табыну арқылы өздері мен егінжайларын сан алуан қауіп-қатерлерден қорғауды тілеген. Осыған ұқсас жағдайды теңіз жағаларын мекендейтін жапондардың тасбақаға (камэ) сыйынуынан, кейбір жерлерде қасиетті окодзэ балығына табынуынан көруге болады. Сондай-ақ, жапондар томбо инелігін батылдықтың, тіпті ұлттық рухтың нышанына балап, оған сәттілік пен бақыт әкелетін құдырет иесі ретінде тәу еткен. Ежелгі дәуірлерде Жапонияның «Инелік елі» аталуының бір себебі де осы сенімге байланысты екені шүбәсіз. Теңіз шаянын да құдырет тұтқан жапондар оның кептірілген қабыршағынан жасалған тұмарды қаскөй рухтар мен аурулардан қорғайды деп білген.

Табиғатты тіршіліктің бастауына балайтын жапондар хайуанаттармен қатар тау-тастарды, ағаштарды, өсімдіктерді т.с.с. да кие тұтқан. Мысалы, мұңлықталдың (янаги) қасиеттілігіне күмәнсіз сенетін олар бұл талды бақыт әкелетін ағаштар қатарына қосқан. Тамақ ішуге арналған таяқшаларды янагиден жасап, ол таяқшаларды тек Жаңа жыл мерекесінде ғана пайдаланған. Мұндай мысалдарды жапондардың халықтық наным-сенімдерінен көптеп табуға болады. Осы орайда жапондардың ежелгі наным-сенімдері туралы пікір білдірген зерттеушілердің тұжырымдарына ден қойсақ, олар жапондардың ежелгі наным-сенімдерінде кездесетін құдырет иелерін төмендегідей топтарға жіктейді:

- негізінен, ауыл шаруашылығымен және балық аулаумен байланысты өндірістік жебеушілер;
- түрлі аурулардан емделуге жол ашатын сауықтырушы жебеушілер;
- өмір сыйлайтын және тіршіліктің жақсылықтарына бастайтын сәттілік пен өркендеу жебеушілері;
- неше түрлі жын-перілерден құтқаруға бағытталатын, қаскөй рухтарды үркіту жебеушілері.

Аталған жебеушілердің қатарына енетін табиғат бөлшектерінің қай-қайсы да ежелгі жапондардың наным-сенімінде жеке-жеке құдырет болып саналған. Яғни жапондар құдыретке балаған нәрсенің бәрі – kami.

Ал жапон халқына тән наным-сенімдердің шығу себептеріне назар аударсақ, олардың қай-қайсы да ежелгі жапондар айналысқан еңбек түрлеріне (жер өңдеу, теңізге байланысты шаруашылық) және отбасылық қауымдардың денсаулығы мен амандығына байланысты пайда болғанын түсінеміз. Бұл жағдай жапондардың ежелгі діни наным-сенімдері тым ерте дәуірлерден бастау алатынын байқатады. Сол себепті жапон жеріндегі наным-сенімдердің алғашқы үлгілері қай заманда пайда болғаны жайында үзілді-кесілді пікір айту мүмкін емес. Тек ежелгі наным-сенімдердің бүгінгі жапон халқының өмірінде де кездесіп жататынын ескерсек, бұл сенімдердің ұлт санасына ерекше әсер еткенін түсінуге болады.

Жапон тарихына байланысты ғылымда дәйектелген кезеңдердегі діни сенімдер мен түсініктердің жапон қоғамындағы орны мен маңызы туралы ой өрбіту үшін бірінші кезекте археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйену орынды.

Табылған құралдар мен арал тұрғындары айналысқан еңбек түрлеріне сүйене отырып, палеолит дәуірінде Жапон аралдарындағы дін сипаты өздерін қоршаған табиғатты құрайтын жанды-жансыз заттарға сыйынуға бағытталған деп болжауға болады. Яғни палеолит дәуірінде ежелгі жапондар халықтық наным-сенімдерді қасиет тұтқанын байқаймыз.

Ежелгі Жапон тарихының келесі дәуірі – Дзёмон немесе Жапон неолиті кезеңі. Қазіргі Жапонияның барлық аумағына таралған Дзёмон мәдениетінің атауы «жіп арқылы өрнектеу» үлгісінде жасалған қыш бұйымдардың ерекшелігінен шыққан.

Қыштарға өрнектелген «жылан кейпіндегі» нақыштар мен түрлі хайуанаттардың бастарының қозғалыс үстінде бейнеленуі аталған дәуірдегі адамдардың табиғаттағы жанды жаратылыстарға көбірек мән бергенін көрсетеді.

Дзёмон адамдары аңшылық және табиғи өнімдерді жинап-терумен бірге балық аулаумен де айналысып, кей жерлерде жабайы шошқаларды қолға үйрете бастаған. Қыш бұйымдар жасаумен айналысқан адамдар біртіндеп отырықшы өмір салтына бет бұрған. Отырықшы жұрт көбейген сайын жаңа тіршілік үрдісі жаңа қажеттіліктерді туғызды.

Нәтижесінде тұрғылықты мекендер төңірегінде күнделікті тұрмыс қалдықтарын тастайтын шұңқырлар пайда болды. Уақыт өте келе, марқұмдарды жерлеу дәстүрі де орнықты.

Дзёмон дәуіріндегі адамдардың өз төңірегіндегі тазалыққа және марқұм болғандарды жерлеуге бетбұрыс жасауынан олардың өздерін және туыскандарын құрметтеуге ден қойғанын байқаймыз. Санадағы бұл өзгеріс адамдардың сыртқы бейнесіне де өз әсерін тигізді. Бұл дәуірдегі адамдардың әшекейлері қатерден қорғайтын және сәттілік әкелетін тұмар тәрізді магиялық мән иеленуі де ықтимал. Сонымен қатар ондай бұйымдар адамдардың әлеуметтік, қауымдық белгілерін танытып, жас ерекшеліктері мен жыныс айырмашылықтарын аңғарту үшін қызмет етуі де мүмкін.

Дзёмон адамдарының бақилық дүние жайында ойлана білгенін және магиялық тылсым күштерге сенгенін аңғара аламыз. Ал бақилық дүние туралы ойланудың өзі бұл дәуір адамдарының рухани танымында эволюциялық өзгеріс болғанын, яғни олардың осы дүниеде қалай өмір сүру қажеттігіне ой жүгірте бастағанын сездіреді.

Дзёмон дәуіріндегі жерлеу үлгілерінде бірізділік жоқ. Бұл жағдай о дүниедегі тірлік жайында ортақ түсініктің болмағанын байқатады. Археологиялық зерттеулер көрсеткендей, бұл дәуірде қауымдық жерлеу үлгілері де кезігеді. Солтүстікте таспен қоршауланатын мұндай зираттарда мәйіттердің басы оңтүстік-шығысқа қаратылып, денелері бүктетіліп қойылған. Сондай-ақ, бастары түрлі бағытқа қаратылып, денелері тігінен қойылатын жерлеу үлгілері, қыштан дайындалған ыдыстарға жерлеу түрлері де бар. Жерлеуге арналған заттар ретінде тарак, сырға, алқа, білезік т.с.с. бұйымдар пайдаланылған. Марқұмның жерлеу киімі аң терілерінен және кесінді маталардан әзірленген. Осы дәуірдегі жерлеу ерекшеліктерінің бірі – 17-18 жастағы қыз-жігіттердің белгілі бір тістерін жұлып алып, қалғандарын егеп тастауы. Бұл әрекет олардың әйел және ер азамат санатына қосылғанын айғақтайтын рәсіммен байланысты болса керек.

Жерлеу рәсінде кейбір ерекшеліктер болғанымен, тұтастай алғанда, Дзёмон дәуіріндегі адамдардың марқұмдарды жерлеуге көшуінің өзі олардың адам баласын құрметтеуге, адамдық қасиеттерді бағалауға бағыт алғанын аңдатады. Бұл дегеніміз қоғамдық санадағы эволюциялық маңызды құбылыс еді.

Дзёмон дәуіріндегі сияқты, Яёй дәуірінде де жерлеу рәсіміне қатысты әртүрлілік сақталды. Табытсыз жерлеумен қоса, ағаштан, тастан және қыштан жасалған табыттармен жерлеу үлгілері де болды. Сондай-ақ, Кюсюдің солтүстігінде зираттың үстіне тас үю дәстүрі орын алды. Орталық Жапонияда (қазіргі Нара-Киото-Осака ауданы) бейітті су толтырылған ормен қоршады. Ками мекенінде (Осака қаласы) қалыңдығы 26 метрге жететін тікбұрышты зиратқа қауымдастыра жерлеу дәстүрі қалыптасты. Кюсюдің солтүстік бөлігінде Кофун дәуіріне тән қорған зираттардың алғашқы үлгілері де ұшырасады.

Канто ауданында және Яёй дәуірінің ортасына қарай солтүстік-шығыста қайталай жерлеу тәжірибесі болған. Яғни мәйіттің еті еріп кеткеннен кейін сүйекті жуып, қыш ыдысқа салған. Бұл тәсілден Яёй дәуірінің соңына қарай бастартып, су толтырылған ормен қоршалатын зираттарға жол берген. Соның өзінде де қайталай жерлеу идеясы ұзақ уақыт бойына мәнін жоғалта қоймаған. Дәлел ретінде Кофун дәуіріндегі ақсүйектерді жерлеу дәстүрін, яғни могоари рәсімін айтуға болады. Бұл жағдайда уақытша және тұрақты жерлеулер аралығы бірнеше жылдардан құралған.

Яёй дәуіріндегі жерлеу бұйымдарынан әлеуметтік айырмашылықты айқын көруге болады. Сугу және Микуми (Фукуока префектурасы) мекендерінен аса бағалы заттар (қола қару, қола айна, әшекейлер) қойылған зираттар да, бағалы бұйымы жоққа тән зираттар да табылған. Әйткенмен жерлеу орнына қатысты жіктелу байқалмайды, бәрі де ортақ қорымға орналасқан. Алайда Яёй дәуірінің соңына қарай Батыс Жапонияның барлық жерінде ортақ қорымдардан бөлектене орналасқан жеке зираттар пайда бола бастаған. Бұл көрініс осыған дейінгі қауымға тән әлеуметтік біртектіліктің өз мәнінен айрылғанын байқатады.

Назар аударатын тағы бір жағдай – Дзёмон дәуіріндегі діни түсінікте маңызды орын иеленген догу, тас шоқпарлар (сэкибо), тістерді жұлу және егеу сияқты рәсімдік әрекеттер Яёй дәуірінде ығысып қалған. Олардың орнына екі рәсім берік қалыптасқан. Бұл рәсімдердің

орталықтары солтүстік Кюсю және Хонсюдағы Кинки ауданы (қазіргі Киото мен Осака аймақтары, Сига, Хёго, Нара, Вакаяма, Миэ префектуралары) болған. Аталған орталықтардың алғашқысына қайралатын жүзі ұзын боп келетін рәсімдік семсерлер тән болса, екіншісінде қоладан жасалған қоңыраулар (дотаку) маңыз иеленген.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде бүгінгі уақытқа дейін 500-ге жуық дотаку табылған. Олардың үлкендігі 20 мен 130 сантиметр аралығында болып келеді. Осы ерекшелік негізінде олардың көлемі уақытқа ілесе өсіп отырғанын және музыка аспабы ретіндегі мәнін біртіндеп жоғалтып, рәсімдік бұйымға айналғанын тануға болады. Бұл қоңыраулардың көпшілігі жануарлар суреттерімен, аңшылық көріністерімен безендірілген. Дәл осы сипат, яғни Яёй қоғамында сурет өнерінің көрініс бере бастауы діни наным-сенім мен рухани ізденістің өзара әсер ете бастағанын айғақтайды. Сонымен бірге Яёй дәуіріндегі адамдардың абстрактілі түсініктен бейнелі, деректі ұғымдарға бейімделе бастағанын көрсетеді.

Археологиялық жаңалықтардағы ерекшеліктерге назар аударсақ, семсерлер тәрізді, бұл дәуірде қоңыраулар да әдеттегі уақытта топырақ астында сақталып, рәсімдер кезінде ғана қауымға көрсетілген деп ой түюге мүмкіндік туады. Рәсімді орындаудағы мұндай үлгі кейіннен синто дініне ауысқан, яғни синто ғибадатханаларындағы қасиетті дүниелер (синтай) діндарларға рәсім орындау кезінде ғана көрсетіліп, басқа уақытта ғибадатхананың берік бекітілген есіктерінің арғы жағында сақталған. Тіпті синтайлар мүлдем көрсетілмейтін ғибадатханалар да бар.

Жалпы, қола семсерлер мен қоңыраулар пайдаланылған рәсімдердің мән-мағынасын толықтай ашып тануға мүмкіндік беретін сенімді дереккөздері жоқ. Аталған рәсімдік бұйымдар қауымның тұтастығын қамтамасыз етуге және оларды «зұлым күштердің» қаскөйлігінен қорғауға қызмет еткен деп пікір түюге болады.

Яёй дәуіріндегі рәсімдік бұйымдардың бірі – қола айналар. Мұндай айналар солтүстік Кюсюде зираттарға қойылса, Кинки ауданында оларды рәсімдер кезінде пайдаланған. Назар аударатын бір жағдай мынадай: Қытайдан әкелінген айналардан жергілікті айналардың негізгі ерекшелігі олардың топырақ астында сақталуы болып табылады. Кейінгі Яёй кезеңінен бастап, солтүстік Кюсюде жергілікті айналар жерлеу бұйымы ретінде ғана пайдаланып қоймай, рәсімдер барысында адамдардың берекелі тірлігін қамтамасыз ету үшін де қызмет еткен. Қола айналар кейінгі дәуірлердегі синто ғибадатханаларында өзінің рәсімдік маңызын жоғалтпастан, әлі күнге дейін сақталып келеді. Бұл ретте олардың император әулеті үшін аса бағалы заттардың қатарында саналатынын да ескеру орынды.

Яёй дәуіріндегі жапон жерінде қалыптасқан діни түсініктерге байланысты үзілді-кесілді пікір білдіруге мүмкіндік туғызатын дәлелді деректер аздығына қарамастан, кейінгі жапон мәдениеті үшін маңызды роль атқарған кейбір ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Олар:

- Солтүстік Кюсю, Хонсюдың орталығы, Канто жазығы және Идзумо жерлерінде негізгі мәдениет орталықтарының пайда болуы;

- діни тәжірибеде бірнеше ортақ ұстанымдардың қалыптасуы (тылсым мағыналы бұйымдарды жасырын сақтау) және кейбір заттарды (семсер, айна) қасиетті дүние ретінде тану.

Қорыта айтқанда, ежелгі жапон жерінде арғы бастауы халықтық діни наным-сенімдерден желі тартып жатқан діни түсініктер палеолит, Дзёмон, Яёй дәуірлерінде бір-біріне жалғаса келіп, дәуір ерекшеліктеріне және адамдардың дүниетанымындағы өзгерістерге бейімделе отырып, біртіндеп кейінгі жапон мәдениетінің негізін салған. Бұл орайда айрықша назар аударатын мәселе – ежелгі жапон қоғамындағы діни түсініктердің бәрінде жергілікті ерекшелікке мән берілуі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жуков А.Е. История Японии Т.1, 2. М.: Институт востоковедения РАН, 1998. -659 с.
2. Васильев Л.С. История религий Востока. М.: Высшая школа, 1988.

3. Ермакова Л.М. Культы и верования в раннем периоде японской культуры // Синто – путь японских богов: в 2 т. Т.1. СПб.: Гиперион, 2002.
4. Мифы Древней Японии: Кодзики. Екатеринбург: У-фактория, 2005. -256с.
5. Японская мифология: энциклопедия. М.: Эксмо, СПб.: Мидгард, 2007. -460с.

УДК 327.3

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ В РАМКАХ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ТРЕУГОЛЬНИКА «ПЕКИН-МОСКВА-ДЕЛИ»

Кортагузова Александра Игоревна

kortaguzova.alek@mail.ru

Студент факультета международных отношений, кафедры востоковедения ЕНУ им.

Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б. К. Макангали

Конец 20- начало 21 века ознаменовал собой кардинальное переустройство мирового порядка. Крушение биполярного мира, которое произошло в 90-ые годы после распада СССР, положило начало абсолютно новому этапу в истории человеческой цивилизации. Любопытная позиция была представлена в работе американского исследователя Френсиса Фукуямы «Конец истории?» (1989 год). В ней автор говорит о победе либерализма и его институтов, которая означает бессмысленность дальнейшего поиска иных путей развития. По представлению автора событийная история будет иметь продолжение, однако более не будет никаких идеологических противостояний, войн, конфликтов и революций.[1] Противоположной точкой зрения можно назвать идею видного российского востоковеда, государственного деятеля Е.М.Примакова, который предложил создание некоего стратегического треугольника Россия-Индия-Китай во время своего визита в Дели в 1998 году. Эта идея, пусть и звучала вызывающе и даже, в начале, была сдержанно воспринята в Индии и Китае, однако с течением времени все больше показывала свою перспективность и содержательность. Экономические успехи, ярко продемонстрированные на рубеже веков и приведшие к подъему отстающей Азии, приковали внимание как академического, так и бизнес сообщества. Но не только экономические успехи способствовали консолидации трех стран, в сфере политики также находится целый ряд вопросов, по которым страны имеют схожие позиции. В частности к таким вопросам могут относиться противодействие терроризму и экстремизму, а также сдерживание глобальной гегемонии США. [2],[3]

Существует множество разных мнений и обоснований о возможности, невозможности либо частичной возможности существования треугольника с участием КНР, Индии и России. С одной стороны, треугольник может существовать как реальный политический противовес Западу. Исторически цивилизация «суши», к которой можно отнести страны треугольника всегда боролись и противопоставлялись цивилизации «моря», т.е. Западу. На современном этапе РИК представляет серьезный экономический и политический потенциал, который способен также сдерживать в какой-то мере Запад и США. С другой стороны, экономики Китая и Индии напрямую зависят от американского рынка и инвестиций, а значит, подобная зависимость рушит все антигегемонистические настроения треугольника. Еще одним фактором, способным оказывать разрушающее воздействие на взаимоотношения внутри системы РИК может послужить негативный опыт китайско-индийских отношений. В связи с этим можно предположить две системы внутри треугольника: Россия-Индия и Россия-Китай, однако, тогда треугольник будет существовать лишь в урезанном виде.

Рассматривая более углубленно РИК как союз в некотором роде военно-политический и имеющий антизападную, а в узком смысле антиамериканскую направленность, необходимо вспомнить при каких обстоятельствах произошло выдвижение идеи создания стратегического треугольника. Е.М. Примаков впервые высказался за создание треугольника